

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейдулла Нұрлыбек Талғатұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
6М030100 «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.д, профессор Тлеухан Р.К.

Құқықтық саясаттың тұжырымдамасына сәйкес жаңа ҚР ҚПК-нің жетілдіруге бағытталған және тиімділігін көтеру мақсатында мемлекеттің құқық қорғау қызметі одан әрі дамытуды талап етеді. Осыған байланысты бұл қызметтегі басты басымдық мыналар болуға тиіс: қылмысқа қарсы күрес, заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау, мемлекеттің кез келген құқық бұзушылыққа ден қою әрекетінің бұлтартпастығын қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік (толерантты болмау)» принципі мұлтіксіз ұстану, қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмысқа қарсы күресте азаматтармен өзара іс-қимылдар жасасу[1].

ҚР ҚПК жобасының жаңа редакциясында құқық жүйесі континенталды дамыған мемлекеттер – ГФР, Францияның, сондай-ақ өздерінің қылмыстық-процессуалдық заңнамаларын жуықта жетілдірген мемлекеттер – Түркия, Эстония, Латвия, Грузия, Ресей, Молдава, Украина және т.б. елдердің тәжірибелері кеңінен қолданылған. Жаңа ҚР ҚПК 16 бөлім, 674 баптан тұратын 73 тарау бар, ал алдыңғысында – 13 бөлім, 62 тарау және 577 бап болған еді.

Конституциялық және өзге де құқықтар және адам бостандығына қатысты барлық тергеу жұмыстары тек қана прокурор санкциясы арқылы жүзеге асырылатын болады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процессуалдық кодексінің енгізілген ұғымдардың бірі процессуалдық келісім, сондай-ақ бақылау қызметін атқаратын тергеу судьясы лауазымы пайда болуы және де жасырын тергеу әрекеттерін (бұдан әрі -ЖТӘ) жүргізу қарастырылған. (ҚР ҚПК 30 бөлім). ҚР ҚПК 30 бөлімінің нормалары - қылмыстық процесс пен жедел-ізвестіру қызметтерінің алдағы уақыттағы интеграциясына бағытталған.

Еліміздің төңірегінде жасырын тергеу әрекеттерін бұған дейін жедел ізвестіру қызметтері құпия түрде жүргізілді. Яғни жеке тұлға құқықтары тапталып, конституциямызға мүлдем қарсы келетін болған. Сол себепті жасырын тергеу әрекеттері заңдастырылды. Қазақстан Республикасының «Жедел – ізвестіру қызметі туралы» заңының 11-бабында көрсетілген жедел – ізвестіру іс-шараларына талдау жасалып, оның тек тергеу әрекеттерімен қатысты, қылмысты ашуға және алдын алуға бағытталған түрлері жасырын тергеу әрекеттері деген атау алды.

Жасырын тергеу әрекеттері қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды, қылмыстық процеске тартылған тұлғалардың мүдделерін қозғайтын фактілер туралы мәліметтерді оларға хабарламай алу қажет болғанда ғана жүргізіледі. Жасырын тергеу әрекеттерінің басым бөлігі прокурордың санкциясымен жүргізіледі және оларды жүргізу тәртібі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оған теңестірілген прокурорлар береді. Санкция жоғарыда айтылған тәртіппен және қылмыстар туралы хабарлар мен арыздар бойынша ғана беріледі. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы ол шығарылғаннан кейін көрсетілген тергеу әрекетін жүргізудің негізділігін растайтын материалдармен бірге жиырма төрт сағаттың ішінде уәкілетті прокурорға ұсынылуы тиіс.

Жасырын тергеу әрекеттері мына негіздердің бірі болған кезде жүргізіледі:

-жасағаны үшін санкциясы бір жылдан бастап және одан да жоғары мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын көздейтін қылмыстар туралы істер бойынша,
-қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстыр бойынша,
-жасырынбақыланатын жеткізілім;
-жасырын бақыланатын сатып алу болып келеді;

Жаңа Қылмыстық процессуалдық кодексте жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері бекітілген: 1) адамды немесе орынды жасырын аудио және бейне бақылау, 2) электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу, 3) абоненттер немесе абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу, 4) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өндеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу, 5) пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау, 6) орынға жасырын кіру немесе оны тексеру, 7) адамды немесе орынды жасырын байқауға алу, 8) жасырын бақыланатын жеткізілім, 9) жасырын бақыланатын сатып алу, 10) жасырын ендіру немесе қылмыстық әрекетті имитациялау жүзеге асырылады[2].

Дегеніменде, ҚР ҚПК 231 бапта көрсетілген жасырын тергеу жұмыстарының жүргізілуін прокурорлық бақылауды бекітеді. Сонымен бірге, кодексте бұл жұмыстардың жүргізілуін соттық бақылау қарастырмаған, бұл жаңа ҚР ҚПК айқын кемшілігі болып табылады. 231 бап мәтінінен көрініп тұрғандай, құқық қорғау органдарының жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу жолымен мәліметтерді жинақтау тәсілдері кезінде өте жиі азаматтардың жеке өмірлеріне тікелей араласуымен, олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу және бұзумен түйіндесіп жатады.

Осыған байланысты мұндай жұмыстарды атқару кезінде тәуелсіз сот органының бақылауы өте қажетті. Адамзат құқығының заманауи теориясында прайвеси (privacy) немесе азаматтың индивидуалдық автономиясы аясындағы жеке өміріне негізсіз баса көктеп енуден бостандық концепциясын бөліп қарастырады[3]. Прайвеси термині азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (АСҚХП) 17 бабының ағылшынша нұсқасында бар. Орысша мәтінінде эквивалентті термин өзгертіліп жеке өмір (личная жизнь) термині қолданылады[4]. Прайвеси концепциясы бастама алған ағылшын елдерінде оның үш түрлі аспектілерін немесе аумақтарын бөліп қарастырады:

- (1) территориялық аспект белгілі бір орынға, мысалы, адамның тұрғын үйіне қатысты;
- (2) жеке немесе физикалық аспект, ол адам денесіне (дене, адам бейнесі, оның дауысы мен есімі) қатысты мүдделерді қамтиды;
- (3) ақпараттық аспект, ол денсаулық жағдайы, сексуалдық бағыттануы және өмірі, әлеуметтік көзқарастары, достық және басқа да әлеуметтік қарым-қатынастары секілді мәселелерді қамтиды[5].

Қазақстан Республикасының Конституциясында прайвеси термині жоқ болуына қарамастан, бұл концепцияның үш аспектісі де жеке өміріне қол сұғылмаушылық, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы, сондай-ақ тұрғын үйіне қол сұғылмау құқығы түрінде бекітілгендігі анық. Осыған байлданысты аталған сараптауда біз «прайвеси» терминін азаматтардың жеке мүдделері мен жеке өміріне қатысты, оның барлық конституциялық құқықтарын қамтитын құқығы ретінде пайдаланамыз. Жасырын тергеу қызметі өз табиғаты бойынша азаматтар прайвесін шектеуге бағытталған, олар бақылау объектілері, телефон сұхбаттарын тыңдау, почта жөнелтімдерін бақылау түрінде көрініс табады. Осылайша, ЖТӨ жеке өмірге қол сұғылмаушылықтың конституциялық құқығын шектейді және бұзады. Алайда, Қазақстан Республикасы Конституциясының мазмұнынан шығатын жеке өмірге қол сұғылмаушылық және тұрғын үйіне қол сұғылмаушылық құқығы абсолюттік болып табылмайды және шектелуі мүмкін. Сонымен бірге, Конституцияда жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын және тұрғын үйіне қол сұғылмаушылық құқығын белгілі бір қағидаларды ұстанғанда: заңмен бекітілген жағдайлар мен тәртіптер бойынша. ЖТӨ жүзеге асырушы органдардың қызметтері

конституциялық болуы үшін бұл шарт сақталуы қажет. Бұл ЖТӨ қолдану туралы жағдайлар, негіздемелер мен шешім қабылдау тәртіптері заңда егжей-тегжейлі көрсетілген болуы керек.

Бір жағынан, жаңа ҚР ҚПК бұл конституциялық шартты сақтауға бағытталған ережелері де бар.

Алайда, басқа жақтан қарағанда, ҚПК-тің ЖТӨ туралы ережелері келесі негіздемелер бойынша ҚР Конституциясының талаптарына сай келмейді.

Біріншіден, ЖТӨ соттық бақылаудың жоқтығы ҚР Конституциясының 13 бабындағы әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сотпен қорғалу құқығын бұзады. Қылмыстық тергеу органы болып қудалайтын прокурор[6], өзінің негізгі қызметіне қарамастан өздеріне қатысты қылмыстық тергеу органдары ЖТӨ жүргізуге ниетті азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ете алмайды. Көптеген елдерде ЖТӨ санкциялау қызметтері негізінен істі қарауға қатыспайтын судьялар тарапынан орындалады. Одан бөлек, батыс Еуропаның кейбір елдерінде арнайы маманданған судьялар болады, олар тергеу және жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының үстінен бақылауды жүзеге асырады. Заң жүзінде, аталған судьялар істі мәнісі бойынша қарастырмайды, ЖТӨ жүзеге асыру кезінде тергеу органдары мен прокуратура органдарының жұмыстарының негізділігі мен заңдылығын тексерумен және азаматтардың құқығы мен бостандықтарын қамтамасыз етумен айналысады.

Екіншіден, ҚПК азаматтарға қатысты ЖТӨ қолдануға болатын айқан негіздемелер жоқ. ҚПК ЖТӨ қолдануға болатын кең ауқымды азаматтар тізімін қарастырады:

1) арызда, қылмыстық заң бұзушылық туралы хабарламада оны дайындап жатқан, жасап жатқан немесе жасаған, не болмаса оның тексеріліп отырған заң бұзушылыққа қатысы барлығына өзге де негіздемелер бар немесе дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық заң бұзушылық туралы мәліметтерге ие деп болжанып отырған тұлғаларға

2) күдіктіге;

3) жәбірленушіге оның жазбаша келісімімен;

4) егер үшінші тұлға іс үшін маңыздылыққа ие ақпаратты алып немесе жеткізіп жатқандығы туралы мәлімет болса, үшінші тұлғаға қатысты;

5) егер іс үшін маңыздылыққа ие болуы мүмкін жағдайлар болса немесе олардың пайда болуы болжанып отырған орындарға қатысты.

Заң міндетті түрде ЖТӨ қолдану жолымен тұлғаның жеке өміріне араласуға жол беруге болатын негіздемелерді сипаттауы қажет. Соның ішінде, заңда тұлғаның қылмыстық іске қандай дәлелдері оған қатысты және қолдануға негіз бола алатындығы көрсетілуі тиіс. Заңда санкциялаушы орган алдында ЖТӨ жүргізу туралы өтініп тұрған орган қанағаттандыруы тиіс нақты дәлелдеу критеріі немесе стандарты жоқ. Олай болмаған жағдайда, ЖТӨ органдары ешқандай да негіздемелерсіз кез келген тұлғаға қатысты ЖТӨ қолдана алатын болады. Бұл қандай-да бір заңды негіздемесіз, азаматтардың жеке өмірлеріне араласуға тиым салатын конституциялық кепілділікті қарапайым декларация деңгейіне түсіріп жібереді. Заңды негіздеме түсінігі, менің ойымша, тұлғаның қылмысты жасауға қатыстылығын куәландыратын объективті дәлелдерден тұрады.

Үшіншіден, қолданыстағы заңда ЖТӨ жүргізудің шектен тыс ұзақ максималды мерзімі қарастырылған – алты айға дейін, ал кейбір жағдайларда одан да көп. Менің ойымша, құқық қорғау органдарының азаматтардың жеке өмірлеріне негізсіз баса көктеп енуден мүмкіндіктерін шектеу үшін заңда ЖТӨ мерзімін азайту қажет, және оның мерзімін ұзарту үшін сотқа өтініш хат жолдағанда, оны дәлелдейтін өтініш хатпен бірге біршама дәлелдер берілуі тиіс. Бұл сот тарапынан біршама сенімді бақылау болуына септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-процесстік заңнамамен шектелуі мүмкін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіретін бірқатар халықаралық келісімдердің қатысушысы болып табылады. Соның ішінде, 2006 жылы Қазақстан Республикасы азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні (АСҚХП)

ратификациялады, оның қағидалары қылмыстық-процесстік заңнама үстінен басымдылыққа ие.

Қазіргі ҚР ҚПК кейбір нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясына қарама-қайшы келіп қана қоймастан, АСҚХП қағидаларына да сай келмейтін болып отыр.

Қазіргі ҚР ҚПК нормалары азаматтардың жеке және отбасылық өміріне ерікті немесе заңсыз араласуға, олардың тұрғын үйлеріне немесе олардың құпияларына қол сұғылмаушылығына ерікті немесе заңсыз қастандық жасауға тыйым салатын АСҚХП 17 бабының талаптарына сай келмейді[7].

БҰҰ адам құқықтары бойынша Комитеті өз баяндамаларында бірнеше рет заңнамалары АСҚХП 17 бабының талаптарына сай келмейтіндігі үшін бірқатар мемлекеттер үкіметін сынға алған болатын. Мысалы, 1995 жылы БҰҰ адам құқықтары бойынша Комитеті Ресей Федерациясы бойынша өзінің ескертулерінде «жеке телефон байланыстарына басып кіру механизмдері жеке өмірге заңды түрде араласу шарттарын және заңсыз араласудан қорғау кепілдігі бекітілген нақты заңнамаларсыз да әрекет етуін жалғастырып келе жатқандығына» алаңдаушылығын білдірген болатын[8].

Адам құқықтары бойынша Еуропалық Конвенциясы да АСҚХП 17 бабына ұқсас қағидаларға ие. Соның ішінде АҚЕК 8 бабында:

Мұндай араласу заңда қарастырылған жағдайларда және ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп, елдің экономикалық әл-ауқаты мүддесін қорғау үшін, тәртіпсіздіктер мен қылмыстардың алдын алу мақсатында, денсаулықты қорғау немесе басқа тұлғалардың адамгершіліктерін немесе құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті болған жағдайлардан басқа барлық жағдайда халықтық билік тарапынан бұл құқықтың жүзеге асырылуына жол берілмейді.

Қолданылған әдебиет

1. Международное уголовное право. Учебн.пособие/Под общей ред. В.Н. Кудрявцева. 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Наука, 1999. – 264 с.
2. Валеев Р.М. Выдача преступников в современном международном праве. (Некоторые вопросы теории и практики). Казан.,Казанский университет,1976 год.- С.128.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995 ж.
4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі.–Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 204 б.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 344 б.
6. Токсанбаев А.Б. Организационно-правовые основы создания и правовой статус НЦБ Интерпола в РК,2002 год,; № 4 , с.49-53.

УДК 342

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Сейпулов Жанболат

mr.president_11@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Ж.И.Ибрагимов

Әрбір мемлекетте жазылған да, жазылмаған да конституциялар болады. Әдетте, конституцияда мынадай үш түрлі мәселе бекітіледі: мемлекеттік және қоғамдық құрылыс, адамның немесе азаматтың құқықтық мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың